

Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігінің арасындағы Сот төрелігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1386 жарлығы

Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігінің арасындағы қазіргі достық қатынастарды қолдау және құқықтық қатынастар саласында өзара тиімді ынтымақтастықты орнату мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігінің арасындағы Сот төрелігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрі Оңалсын Исламұлы Жұмабековке оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігінің арасындағы Сот төрелігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті